Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕП

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қарамағында құрылған «6D050100, 8D03101 – Әлеуметтану», «6D090500, 8D11401 - Әлеуметтік жұмыс», «6D012300, 8D01801 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «6D050300, 8D03107 – Психология», «6D010300, 8D01101 - Педагогика және психология», «6D050200, 8D03104 – Саясаттану» «8D03103 – Конфликтология» мамандықтар тобы/білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру үшін құрылған диссертациялық кеңес.

Диссертациялық кеңес төрайымы – Абдирайымова Гүлмира Серікқызы 2024 жылғы13 қыркүйектегі № 435 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми Кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

«6D050100, 8D03101 - Әлеуметтану» мамандығы бойынша;

«6D090500, 8D11401 - Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша;

«6D012300, 8D0180 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»; мамандығы бойынша;

«6D050300, 8D03107 - Психология» мамандығы бойынша;

«6D010300, 8D01101 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша;

«6D050200, 8D03104 – Саясаттану» мамандығы бойынша;

«8D03103 – Конфликтология» мамандығы бойынша диссертацияны қабылдауға рұқсат етілген.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер – 6. Диссертациялық кеңес жұмысының барысына бағытталған 2 кеңес және қорғау кеңесі-4.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда): Жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі:

1. Заланд Фаиз Мухаммад – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
2. Амирбекова Гульмира Есенбековна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
3. Чжоу Ми– әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
5. Дуанаева Сандугаш Ерубаевна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

4. Есепті жыл ішінде қаралған диссертацияларды қысқаша талдау.

4.1 Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.

Есепті кезеңде диссертациялық кеңесте келесі докторанттардың PhD докторы дәрежесін алу үшін 2 диссертациялар қорғалды:

1. Заланд Фаиз Мухаммад «8D030104 – Саясаттану» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдау.

Ауғанстандағы ұзақ жылдардан бергі жалғасып келе жатырған қақтығыс елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың шиеленісуіне алып келуде. Бұл ауған қоғамының тұрақты дамуына, сондай-ақ аймақтық және жаһандық қауіпсіздік сын-қатерлеріне айтарлықтай кедергі болып табылады. 2020 жылдың қыркүйегінде АИР Үкіметі мен «Талибан» қозғалысы арасындағы Катардағы бейбіт келіссөздер қақтығысты тоқтатуға және елдің бейбіт құрылысы мен дамуы жөніндегі шараларды жүзеге асыруға ықпал ете алады. Алайда, Ауғанстаннан халықаралық күштердің шығарылғаны және Талибан үкіметінің билікке келуінен кейінгі оқиғалар шиеленісті бейбіт жолмен тез арада шешу жолдарын іздеу мәселесін қайтадан күн тәртібіне қойылды. Осылайша, зерттеудің өзектілігі Ауғанстандағы оқиғалар әрдайым аймақтың ішкі қауіпсіздігіне және оның сыртқы байланыстарына тікелей әсер ететіндігімен байланысты. Алайда, осы салдардың ішіндегі ең бастысы және одан да маңыздысы Ауғанстандағы және оның айналасындағы діни экстремизмнің өршуі болды, бұл бүкіл аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

2. Амирбекова Гульмира Есенбековна «6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы «Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту».

Қазақстанда да АСБ бар балалар санының да жыл өткен сайын артуы (2020 жылы 6 771 бала, 2022 жылы 12 087 бала), әлеуметтік оңалту мен педагогикалық қолдаудың жеткіліксіз болуы, мамандандырылған мекемелер санының аздығы, сонымен қатар білікті мамандардың жеткіліксіздігі, аутистикалық бұзылулар көріністерінің алдын алудың айтарлықтай дұрыс жолға қойылмауы көптеген жағдайларда психикалық және әлеуметтік дамудың ауыр салдарына алып келуімен сипатталады.
Қазақстанда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық технологиялар мен әдістер, түзету педагогикасы, әлеуметтік психология саласындағы жаңа және жоғары әлеуметтік сұранысқа ие ғылыми бағыттар, АСБ-нан зардап шеккен адамдардың барынша табысты әлеуметтік дамуына ықпал ететін жағдайларды анықтау, оларды қоғамға бейімдеуге қол жеткізу үшін әлеуметтік қолдау мен көмектің арнайы әдістері мен мазмұнын әзірлеу қажеттілігі зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

3. Чжоу Мидің «8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша диссертация тақырыбы «Қазақстан мен Қытайдағы педагогикалық және психологиялық өлшемнің даму тарихы мен тенденцияларын трансмәдени талдау».

Қоғам мен білім беруді цифрландыру іс-әрекет нәтижелерін, сондай-ақ тұлғаның психикалық қасиеттерін, оның ішінде білім беру жүйесінде педагогикалық-психологиялық өлшеу мәселелерін жаңартты. Бұл тенденция ғылыми-техникалық прогреске, қоғамды компьютерлендіруге, психология мен педагогика білімдерін әлемге таратуға, салыстырмалы педагогикалық

зерттеулерге, мәдениетаралық зерттеулерге байланысты. Қытай және Қазақстан ғалымдарының Қазақстан мен Қытайдағы психодиагностика және педагогикалық өлшем бойынша ғылыми еңбектерін зерделеу кезінде мынадай қарама-қайшылықтар байқалады: әлемдегі психодиагностика мен педагогикалық өлшемдердің қазіргі даму деңгейі мен салыстырмалы елтанудың нашар дамуы, диагностикалық әдістер мен сынақтардың қалыс қалуы; Қазақстан мен Қытай мектептерінің психологиялық қызметінің тәжірибесі мен олардың іс-әрекетінің стратегияларын өзара байыту үшін тәжірибе алмасу мүмкіндіктері арасында. Әлемдік және Азиялық аймақ деңгейінде; Нақты елдерде жүргізілген зерттеулердің тарихи тәжірибесі мен жалпы және арнайы даму тенденцияларын анықтау арасында зерттеу жұмысының тақырыбын өзекті етеді.

4. Дуанаева Сандугаш Ерубаевнаның «6D050300-Психология» мамандығы бойынша диссертация тақырыбы «Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері».

Шетелде оқитын қазақстандық студенттердің Қазақстанда оқитын қазақстандық студенттермен салыстырғанда төзімділік деңгейі, күйзеліс деңгейі жоғары және күресу стратегиялары тиімдірек, сонымен қатар төзімділік деңгейіндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар, күйзеліс тәжірибесі зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді. Шетелдегі қазақ студенттер оқу табыстылығының этнопсихологиялық құрылымына ие, ондағы басты рөлдерді копинг-мінез-құлық стратегиялары, созылмалы стресс деңгейі және резильенттілік деңгейі орын алады, бұл шетелдегі ЖОО-да оқитын студенттер топтарын психологиялық даярлау бойынша қайта қарау мәселесі зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

4.2 диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

1. Заланд Фаиз Мұхаммедтің «Ауғанстандағы бейбітшілік орнату: саяси биліктің бөлінуі және оның болашағы» тақырыбындағы диссертациясы халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орталық Азиядағы ынтымақтастықты дамытуға, тікелей "Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат Концепциясы" және " Қазақстан-2050 - Стратегиясы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді, онда Ауғанстандағы тұрақтандыру мен бейбіт құрылысты қоса алғанда, жаһандық және өңірлік мәселелерді шешуге баса назар аударылады, бұл аймақтағы қауіпсіздікті жалпы нығайтуға ықпал етеді. Осылайша, зерттеу тақырыбы Қазақстанның өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы сыртқы саяси және стратегиялық басымдықтарға тікелей байланысты.

2. Амирбекова Гульмира Есенбековнаның «Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту» тақырыбындағы диссертациясы ҚР «Білім туралы» Заңына (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III); ҚР Еңбек

Кодексіне (2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ); «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы); «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру)» тұжырымдамасына (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы); Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы); Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы), ҚР Әлеуметтік кодексіне (2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ) және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес келеді.

3. Чжоу Мидің «Қазақстан мен Қытайдағы педагогикалық және психологиялық өлшемнің даму тарихы мен тенденцияларын трансмәдени талдау» тақырыбындағы диссертациясы халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орталық Азиядағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасы мен тұжырымдамасына, «Қазақстан-2050» Стратегиясына, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет қағидаларын бекіту туралы заңнамалық құжаты (2022 жылғы 25 тамызда, № 377 бұйрығымен бекітілген), онда жаһандық және өңірлік мәселелерді шешуге де назар аударылған, оның ішінде білім алушыларға психикалық денсаулық қызметін нығайту бойынша әдістемелік нұсқаулар беріліп, аймақтағы қауіпсіздікті жалпы нығайту мәселелерін оңтайландыру көзделген. Сонымен, зерттеу тақырыбы Қазақстан мен Қытайдың орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызмет көрсету саласындағы Қазақстанның стратегиялық басымдықтарымен тікелей байланысты.

4. Дуанаева Сандугаш Ерубаевнаның «6D050300-Психология» мамандығы бойынша диссертация тақырыбы «Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі «Жаңа адами капитал» бойынша Стратегиялық даму жоспары сияқты ғылым дамуының басым бағыттарына және «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес келеді.

4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

1. Заланд Фаиз Мұхаммедтің «Ауғанстанда бейбітшілік орнату: саяси билікті бөлу және оның келешегі» тақырыбындағы диссертациясының практикалық маңыздылығы зерттеудің бейбітшілікті нығайтудағы әртүрлі мүдделі тараптарға, мейлі ол соғысып жатқан елдерге болсын, жергілікті елдерге де әсер ететіндігімен анықталады. резиденттер, халықаралық ұйымдар

немесе үкімет. Бұл зерттеудің нәтижелері саясаткерлер мен саяси көшбасшыларға Ауғанстан сияқты соғыс жүріп жатқан және қақтығыстарға бейім елдерде бейбітшілік орнатуды ілгерілету үшін қажетті қосымша ақпаратты бере алады. Бұл зерттеудің нәтижелері халықаралық қоғамдастыққа қақтығыстар мен жанжалдан кейінгі жағдайларда бейбітшілік орнатудың табыстылығы үшін маңызды факторларды тануға мүмкіндік береді.

2. Амирбекова Гульмира Есенбековнаның «Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту» тақырыбында диссертациясының практикалық маңыздылығы: Зерттеудің нәтижелері АСБ бар балаларға көмек көрсету, қолдау, оны жүзеге асыру стратегияларын құруда орталық, мектеп мамандары үшін пайдалы ғылыми ақпарат бола алады. Зерттеудің негізгі нәтижесі болып табылатын әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне негізделген АСБ бар балалардың әлеуметтік-психологиялық ерекшелігіне жеке бағдарланған тәсілдің осы санаттағы балаларды әлеуметтік оңалтудың тұжырымдамалық стратегиясы әлеуметтік оңалту мамандарының жұмыс бағытына ұсынуға болады. Теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық зерттеулердің қорытындысы АСБ бар балаларды оңалту орталықтары мен мектептерде тиімді іс-шаралар мен интервенциялық бағдарламалар әзірлеу үшін әдістемелік негіз бола алады, балалардың әлеуметтік бейімделуі мен оларды оңалтуда әлеуметтік жұмыс тәжірибесін кеңейтуге көмегін тигізеді.

3. Чжоу Мидің «Қазақстан мен Қытайдағы педагогикалық және психологиялық өлшемнің даму тарихы мен тенденцияларын трансмәдени талдау» тақырыбындағы диссертациясының практикалық маңыздылығы.

Зерттеудің эмпирикалық бөлігінің нәтижелері, атап айтқанда, психологиялық тестілер мен алынған нәтижелерді тестілеу Қазақстан мен Қытай мектептерінде психикалық денсаулық және мектеп оқушыларының білім беру ерекшеліктері бойынша диагностикалық әдістерді қолдану мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Сынақ әдістерін екі елде қолдануға және тексеруге болады. Қазақстан мен Қытайдағы психологиялық-педагогикалық өлшем саласындағы тәжірибені жалпылау негізінде екі елдің білім беру саласын дамыту үшін практикалық ұсыныстар ұсынылды. Диссертация материалдарын психологиялық-педагогикалық мамандықтар бойынша бакалавриат пен магистратура студенттеріне оқыту процесінде пайдалануға болады. Іске асыру сертификаттары алынды.

4. Дуанаева Сандугаш Ерубаевнаның «Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациясының практикалық маңыздылығы.

Шетелде оқитын студенттердің резильенттілігі мен стресінің зерттелетін этнопсихологиялық аспектілерінің заңдылықтары мен ерекшелігі туралы зерттеудің апробацияланған нәтижелері әрі Қазақстан Республикасы, әрі шет елдерде студенттердің ұлтаралық қатынастары саласында әлеуметтік саясатты жүргізуде ескерілуі, шетелдік студенттерді сырт елде оқытуға даярлау тұжырымдамасын түзетуде қолданылады.

Теориялық және эмпирикалық бөлімдердегі диссертациялық зерттеу материалдары оқу-білім беру процесінде, оқу құралдарының, арнайы

курстардың, әдістемелік әзірлемелердің мазмұнында, шетелде оқитын немесе оқығысы келетін қазақ студенттерінің психологиялық ерекшеліктерін ескеру үшін әлеуметтік мекемелерде; ҚР білім алатын шетелде оқитын студенттермен тәрбиелік-білім беру жұмысын ұйымдастыруда ғылыми-әдістемелік негіз ретінде қолданылуы мүмкін.

Шетелде оқитын студенттердің резильенттілігі, стресі және копинг-мінез-құлқы диагностикасының ұсынылатын бейімделген және практикалық апробацияланған инструментарийі әрі шетелде білім алуға даярлық деңгейінде, әрі шетелде білім алу кезеңінің түгелдей барысында мониторинг ретінде қолданылуы мүмкін. Бұл мақсаттарға табысты жетуге жарияланым материалдары мен әдістемелік әзірлемелер ықпал етеді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Қаралған диссертациялық зерттеулер бойынша ресми рецензенттер ретінде пәндік салаларда мамандығы бойынша ғылыми жарияланымдары бар, қорғалған диссертациялар тақырыбына жақын жетекші ғалымдар сөз сөйледі.

1. «8D03104 – Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Заланд Фаиза Мухаммадтің *рецензенттері*:

1) Әбішева Мариан Асарқызы - саяси ғылымдар кандидаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ұлттық мемлекеттік саясат мектебі профессорының м.а. (Астана қ., Қазақстан). Мамандығы «23.00.02 - Саяси институттар, этносаяси конфликтология, ұлттық және саяси процестер мен технологиялар»;

2) Абдилхаким Бурханадин Шарафутдинович - PhD Докторы, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің доценті (Алматы қ., Қазақстан). «6D021100 – Теология» мамандығы.

2. «6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Амирбекова Гулмира Есенбековнаның *рецензенттері:*

1) Дуйсенова София Малкайдаровна - «6D050100-Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия PhD, Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті;

2) Нуркатова Меруерт Маратовна – «Умай» жобасының координаторы, Ғылыми-тәжірибелік бастамалар орталығы (Алматы қ., Қазақстан).

3. «8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Чжоу Ми *рецензенттері:*

1) Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековна – педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Астана қ., Қазақстан);

2) Кошербаева Айгерим Нуралиевна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры (Алматы қ., Қазақстан)

4. «6D050300-Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дуанаевой Сандугаш Ерубаевнаның *рецензенттері:*

1) Жиенбаева Надежда Бисеновна – психология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры (Алматы қ., Қазақстан);

2) Сангилбаев Оспан Сейдуллаевич – психология ғылымдарының докторы, Туран университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан);

Ұсынылған барлық рецензияларда диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі, ізденушінің алған ғылыми нәтижелері, әрбір ғылыми нәтиженің негізділігі мен нақтылығы, олардың жаңалығының дәрежесі көрсетілген, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы, ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген.

Жоғарыда аталған ғалымдар (рецензенттер) ұсынған рецензияларды талдау өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша олардың ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына толық сәйкес келетіні туралы қорытындыға келуге мүмкіндік берді. Сапасыз пікірлер жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми тақырыпты таңдау сапасын арттыру, докторант пен ғылыми жетекшілердің бірлескен жұмысының жүйелілігі мен жемістілігін арттыру мақсатында студенттер бірінші семестрде теориялық дайындықты аяқтап, академиялық айырмашылықты тапсырғаннан кейін екінші семестрде докторанттардың диссертациялық зерттеу және ғылыми жетекшілерінің тақырыбын бекіту мерзімін анықтау.

Докторант диссертация қорғауға кіріскен кезде мақаланы жариялау кезіндегі журналдың процентиль көрсеткішін ескеруді ұсынамыз. Журнал редакциясына мақала жіберген кезде докторант журналдың ағымдағы процентиль көрсеткішін және оның рейтингтік базаға енуін ескереді.

7. Философия докторы (PhD), дәрежесі бойынша доктор дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер (1-кесте).

Мамандық	6D050100, 8D03101 - Әлеуметтану	6D090500, 8D11401 – Әлеуметтік жұмыс	6D012300, 8D01801 – Әлеуметтік педагогика және	6D050300, 8D03107 - Психология	6D010300, 8D01101 – Педагогика және психология	6D050200, 8D03104 – Политология
Қорғауға ұсынылған диссертация	-	1	-	1	1	1
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
қорғауға ұсынылмаған диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Рецензенттен қарсы пікір алған диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Қорғаудың қорытынды шешімі бойынша теріс шешімі бар диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң шешімі бар диссертациялар	-	1	-	1	1	1
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-

Диссертациялық кеңес төрайымы **Г.С. Абдирайымова**

Диссертациялық кеңес ғалым хатшысы **А.Б. Альчимбаева**

"__"_____ 2024 жыл